

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 желтоқсандағы N 1705 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 тамыздағы N 772 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға салық сараптамасын жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 желтоқсандағы N 1705 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 48, 578-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспеде "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 16 маусымдағы N 2828 заң күші бар Жарлығының" деген сөздер "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға салық сараптамасын жүргізу ережесінде:

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "Фискальдық саясат және болжамдар департаменті" деген сөздер "Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің" деген сөздер алып тасталсын;

12-тармақта "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің және", "аумақтық" деген сөздер алып тасталсын;

13-тармақта "аумақтық" деген сөз алып тасталсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК